

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мусина Г.Б., Сатыбалдина М.Б.
п.ғ.м., аға оқытушы
Астана медицина университеті,
Астана, Қазақстан

Аннотация

Бұл мақалада студенттердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Студенттерге коммуникативтік компетенттілік адамдармен керекті қатынас құру, ақпарат алмасу, серіктестерімен ортақтасу, тыңдау техникасын меңгеруге қамтамасыз етеді. Коммуникативтік компетенттілік қатынастарды жақсартудағы меңгерілген тағылымдарды дамытуды және болашақ кәсіптік іс-әрекеттерде одан әрі шыңдауды талап етеді.

Аннотация

В данной статье рассматривается проблема формирования коммуникативных навыков у студентов. Коммуникативная компетентность студентов позволяет устанавливать эффективные взаимоотношения, обмениваться информацией, овладеть техникой слушания. Коммуникативная компетентность позволяет развить приобретенные навыки в процессе построения взаимоотношений между людьми, а также требует дальнейшего развития в профессиональной деятельности.

Abstract

This article deals with the problem of forming communication skills among students. Communicative competence of students allows establishing effective relationships, exchanging information, mastering the technique of listening. Communicative competence allows to develop the acquired skills in the process of building relationships between people, and also requires further development in professional activities.

Түйін сөздер: *коммуникация, коммуникативтік біліктілік, коммуникациялық дағдылар.*

Ключевые слова: *коммуникация, коммуникативная компетентность, коммуникативные навыки.*

Key words: *communication, communication skills, communication competence*

Коммуникативті дағдылар барлық медициналық мамандықтарға ортақ біліктілік деп қарастырылып, үздіксіз кәсіби дамудың негізі деп есептеліп, дәрігердің пациентпен қарым – қатынасын қалыптастыруға және нығайтуға, науқас туралы мәлімет жинап, ақпарат алмасуға, шешім қабылдап, медициналық және әлеуметтік қызмет көрсету аумағына ілінген әріптестер мен басқа да мамандармен қарым – қатынасқа негіз болып табылады. Сол себепті қазіргі таңда студенттердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру және дамыту өзекті мәселелерге айналып отыр.

Қарым-қатынасқа қатысушылардың ақпарат алмасуы коммуникация деп аталады. Қарым-қатынаста адамдар өзін көрсетеді, өзі үшін және басқалар үшін психологиялық қасиеттерін, тұлғалық ерекшеліктерін аша түседі. Қарым-қатынаста ең алдымен, бір адамның екінші адамды өзара түсінушілігінен басталады. Қарым-қатынаста идеялар, көзқарастар, қызығушылықтар мен сезімдер тағы сол сияқты қасиеттердің екі жақты алмасуы жүреді.

Коммуникативті жағы, мұнда – қарым-қатынас адамдар арасындағы ақпарат алудан тұрады; интерактивті жағы - адамдар арасындағы өзара әсер етуді ұйымдастыру, перцептивті жағы - қарым - қатынасқа түскен адамдардың бір - бірін қабылдау негізінде өзара түсінушіліктің пайда болуы. Ақпарат алмасу - коммуникация. «Коммуникация» терминін латын тілінен аударғанда, «жалпы, барлығымен бөлісу» дегенді білдіреді. Егер өзара түсінушілік болмаса, коммуникация да болмайды. Коммуникация жетістігін білу үшін, кері байланысты білу керек, яғни адамдар сізді қалай түсінеді, қалай қабылдайды тағы сол сияқты сұрақтарға жауап берілуі тиіс [1,149 б].

Коммуникативтік біліктілік - адамдармен керекті қатынасты құру және оны ұстай алу қабілеті. Коммуникативтік біліктілік адамның жасына, біліміне, мәдениетіне, психологиялық даму деңгейіне, өмірлік және кәсіби тәжірибесіне байланысты ерекшеленеді [2, 85 б.].

Студенттің коммуникативтік қабілеті өзара әрекеттесудің маңызды факторы. Коммуникативтік қабілеттілікті меңгеру студенттердің болашақ кәсіби қызметінің маңызды бөлігі болып табылады. Соның ішінде дәрігердің коммуникативтік біліктілігі өзін қоршаған ортасында жемісі қызмет атқару үшін қажетті тұлғааралық және кәсіби тәжірибесінің белгілі - бір қалыптасқан деңгейі деп сипаттауға болады. Дәрігердің коммуникативтік мәдениеті дәрігерде белгілі-бір кәсіби көзқарастар мен сенімдердің, науқасқа деген эмоционалды, жағымды қарым-қатынасының және оның тұлғалық қасиеттеріне тәуелсіз, коммуникативті дағдылар мен іскерліктер жинағының болуын талап етеді.

Дәрігердің коммуникативтік біліктілігі :

- интеракцияның жағымды бағытылығында;
- эмпатия мен өзіндік бағалау деңгейінің жоғарлығында;
- басқа адамға деген қарым-қатынаста өзара әрекеттесудің белсенді қаысушы реінде, құндылық ретінде қараудан көрінеді [3, 38 б.].

Науқастарға көмек беруді қамтамасыз етудегі маңызды бір шаралардың бірі, тиімді коммуникация болып табылады. Тиімді қарым-қатынас орнатуда мынандай жағдайлар маңызды:

- айырмашлықтарды түсіну;
- сенімнің артуы;
- науқасармен ақпарат алмасу, бірлесіп шешім қабылдауға қол жеткізу.

Тиімді коммуникация орнату үшін, қарым - қатынастың әрбір кезеңінде келесі психологиялық ұстанымдардың болуы шарт:

- көзбен контакт орнату;
- түсінуге ниеттеніп тыңдау;
- раппорт орнату,
- анық сөйлеу;
- дене қозғалысы мен тілді дұрыс пайдалану.

Тиімді коммуникацияны іске асыруда пайда болатын кедергілер:

- қабылдау айырмашылықтары;
- семантикалық айырмашылықтары;
- вербалсыз кедергілер;
- шамалы кері байланыстар;
- тыңдай білмеу;

Бұл жерде коммуникация тікелей болғандықтан мұнда ең алдымен ауызекі тіл қолданысқа түседі, вербалды емес амалдар, яғни мимика, ым, ишаралар сөзбен теңдей дәрежеде молынан қолданылады. Мәселен, бас изу – белгілі бір нәрсемен келісуді білдірсе, таңғалу – иығын көтеріп, ауызын ашуды білдіреді т.б. Күнделікті өмірде мұндай бейвербалды амалдарды көптеп кездестіреміз. Бұл контактілі қарым - қатынастың негізгі ерекшелігі. Соны- мен қатар тікелей қарым-қатынаста уақыт пен кеңістік факторы және «көз контактісі» бірлікте көрініс береді.

Көз контактісі – коммуниканттың бір-біріне деген көзқарасы, олардың ішкі жай-күйінің жағдайы. Мысалы, көзін ары-бері жүгіртіп сөйлеу – коммуниканттың өзіне деген сенімсіздігін көрсетеді. Коммуникация барысында адам серіктесінің көз қимылына қарай өзінің көз қимылының тактикасы мен стратегиясын саналы түрде өзгерте алады. Өйткені сөйлесуші адресатының көзіне немесе бетіне тіке қарап тұрғандықтан, қарсы тараптың әңгімесінің шынайылығын аңғарады. Яғни коммуниканттың оны тыңдап тұрғанын, түсініп тұрғанын немесе серіктесінің

эмоционалды жағдайының қалай өзгергенін қадағалай отырып, өз әрекетін өзгерте алады. Бірқатар ғалымдардың зерттеулері ауызша қарым-қатынас кезінде коммуниканттар егер бір-бірінің көз қимылдарын жіті қадағаласа, айтылған нәрселердің дәл қабылданатынын дәлелдеген. Көз қимылының көмегімен сөйлеуші адресатының сөйлеу әрекетін басқара алады [4, 38 б.].

Нәтижелі тұлғаралық коммуникацияның психологиялық шарттарының бірі - ортақтасу серіктестерінің тыңдау техникасын меңгеруі. Мұқият тыңдау индивидтен белсенділік пен саналы күш жұмсауды, жігерді қажет етеді. Медициналық қызметкер науқасты мүмкіндігінше белсенді тыңдауға тырысу қажет. Науқас үшін дәрігердің, оны мұқият тыңдап отырғанын білу маңызды.

Студенттердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың 3 құрылымы қалыптасқан: когнитивтік компоненті- бағыттың мазмұны студенттерге коммуникативтік әрекет жасауға мүмкіндік беретін нақты тәсілдерді игеру. Кәсіби міндеттерін шешу үшін, кәсіби коммуникацияны тиімді қолдану үшін коммуникацияның түрлері, құралдары, формалары, психологиялық әсер ету техникасын меңгеруді сипаттайды, - эмоционалды-бағалау компоненті - «дәрігер» және «науқас» түсініктеріне эмоционалды көзқарасы, өзінің эмоциясын басқара алу, эмоционалды тұрақтылығы, науқаспен психологиялық контакт орнату, эмоционалды түрде ортақтаса алу. Эмоционалды іс-әрекеттер, науқастың оған деген сенімін жоғалтп қана қоймай, олард шаршатып, күдңк туғызып, тіпті қорқытады; -мотивациялық компоненті – кәсіби дамуға немесе жетілдіруге деген құлшынысы, кәсіби іс-әрекетті атқаруға деген ішкі түрткісінен құралады.

Қорытындылай келе, дәрігерлердің коммуникативті дағдыларды қолдануы олардың кәсіби қызметіне оң ықпалын тигізеді. Бұл науқас жағдайын толық және нақты дәрігерлік бағалауда білінеді. Сапалы медициналық көмек көрсету аясында науқастың қанағаттанушылығы өседі. Олар толық мәнінде бар проблемаларды ұғынады, тексерілудің керектігін, емдік және диагностикалық шаралардың мән-мағынасын түсінеді. Дамыған коммуникативті дағдылары бар дәрігерлердің жетекшілігіндегі пациенттер көп жағдайда терапияға берілген болып келеді және өзінің мінез-құлығын өзгерту жөніндегі кеңестерге сүйенеді, сонымен қатар, өздерінің ауруын алып жүруге саналы және белсенді түрде қатысады. Оларда ауруы себепші болатын үрейге және депрессияға әуестіктері азаяды. Сонымен қатар, коммуникативті дағдыларды қолдану дәрігерлердің де өмірін жақсартады, кәсіби стрессті сезінушілігін төмендетеді, кәсіби «күйіп кетуді» азайтады және кәсіби өзін-өзі сыйлаушылықты жоғарлатады. Сол себепті медициналық жоғарғы оқу жағдайында студенттердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру және дамыту ең маңызды мәселе.

Әдебиеттер тізімі:

1. Краткий психологический словарь/Сост. Л. А. Карпенко; Под общ. ред. А. В. Петровского, М. Г. Ярошевского.- М.: Политиздат, 1985.- 431 с.
2. Шалғынбаева Қ.Қ.Албытова Н.П., Сламбекова Т.С. Жоғарғы мектеп педагогикасы: магистрантарға арналған оқу құралы.-Астана:2014.-268 бет.
3. Асимов, М. А. Коммуникативтік дағдылар [Текст] : оқулық / М. А. Асимов, С. А. Нұрмағамбетова, Ю. В. Игнатъев. - Алматы : Эверо, 2009. - 176 б.
4. Мағжан. С. Көз соматизмнің әлеуметтік және мәдени функциялары. AVRASYA Uluslararası Araştırmalar Dergisi Cilt:4 •Sayı:9•Temmuz 2016•Türkiye